


Архаикалық мәдениет

Орындаған: Асанова
Ұлжан ШТ-15-1 А



Архаикалық мәдениет кезңіндегі діннің негізгі формалары

Ежелдегі адамдардың ең алғашқы еңбек құралдарының пайда болғанына 2,5 миллион жылға жуық уақыт өткендігін ескере отырып бұл архаикалық мәдениеттің сол кезден бастау алғандығын байқауға болады.

Бастапқы кезеңдегі адамның ең басты тіршілік кәсібі — аң аңлау болғандығы сөзсіз және аңшылық қауымдастықтың егіншілік, мал шаруашылығы қауымдастықтарымен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан да бұлар, адамдар тіршілігінің басты кәсібіне айналған аңшылық-қоғамдық өмірдің сан-саласын, оның ішіндегі мәдени саланы да жан-жақты қамтығанын жоққа шығара алмаймыз.



Аңшы өзінің барлық болмысымен жануарлар дүниесімен тығыз байланысты болды. Аңшының бойындағы шыдамдылық, жігерлілік, батылдық сияқты тек қана осы кәсіп иелеріне тән қасиеттер оларды басқа кәсіп иелерінен ерекше етіп көрсетті. Олар өздерін қоршаған дүниеге деген көзқарастарын сиқырлау, дуалау арқылы білдірді, демек алғашқы адамдар құдіретті күштердің бар екендігіне кәміл сенді. Сол құдыретті күштердің бар екендігін миф арқылы біліп отырды.

Миф

Миф – 1) көне аңыз, әңгіме;

2) тарихи-мәдени сананың ерекше күйі.

Ежелгі мифтер мен аңыздар алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болып, олардың рәміздік (символдық) мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жете түсінді. Мұнда поэзия мен алғашқы білімнің, дін мен әдептің, өнер мен өмірлік тәжірибенің ерекше бірлігі орын алды. Алғаш рет Миф философиясын Дж.Вико (1668 – 1744) ұсынды.

Магия

Магия (лат. *magia* гр. *μαγεία* — сиқыршылық) — алғашқы қауымдық дін формаларының бірі; іс-әрекеттердің (жеке дара немесе ұжымдық) символдық бейнесі. Магия алғашқы қауым адамы ойының көрінісі және жаратылыстан тыс күштерге сенімнің күшеюімен тікелей байланысты болды. Магиямен байланысты дүние туралы түсініктер ежелгі натуро-философиялық ілімдер мен алуан түрлі “құпия ілімдер” негізінде алынды.





АНИМИЗМ

Анимизм (лат. *anima* — рух, жан) — заттық дүние құбылыстарының жандылығын білдіретін термин. Анимизм терминін ғылыми қолданысқа ағылшын этнографы және мәдени антропологы Э.Б.Тайлор енгізген.

Ежелде мұны қан мен жанның байланысы деп түсіндіреді. Табиғи құбылыстар да қасиетті мағынаға ие болады, олардың рухы және иесі бар делінеді.





Тотемизм



Тотем (солт - америк. Аджибе тайпасының тілінен аударғанда - тек, ата) - белгілі бір тайпаның немесе этникалық топтың шыққан тегі, арғы атасы деп қарастырылатын өсімдік, жануар, зат немесе табиғат құбылысы.

Терминді ғылыми айналымға ағылшын жиһанкезі Дж. Лонг енгізген. Яғни бұл дегеніміз рулық қоғамдағы адамдар тобынын шығу тегін жануарларға, өсімдіктерге немесе табиғат құбылыстарына байланыстыру негізінде қалыптасқан сенімдер мен әдет-ғұрып, салт-сананың күрделі жүйесі.





my library








Фетишизм

- **Фетишизм** - (франц. тұмар, қасиетті күш бар зат) - көбінесе алғашқы қауымдық құрылыс, архаикалық мәдениетіне тән жансыз заттарға қасиетті деп табыну. Фетиштер арқылы рухани киелі күштер әрекет етеді, қамқорлық көрсетіп, қорғап қоршайды деген түсінік алғашқы адамзаттың мифологиялық - синкреттік санасына сай туындаған болатын. Фетиш ретінде әрбір затты қарастыруға болады, тек ол үшін сол затқа өзіндік күш - қуат берілсе болғаны. Фетиш элементтерін бүкіл дүние жүзіндегі мәдениеттерден кездестіруге болады.



Оңтүстік Африкадағы фетиш




Мысыр еліндегі фетиш



Шаманизм

Шаманизм - қазақша баламасы **бақсылық**, бақсыға табыну. Дәстүрлі ой машығының ең көне түрлерінің бірі.

Бақсылық – шаман дінінің осы күнге дейін жеткен сарқыны. Бақсы деп өзге тылсым әлеммен байланыс орнатып, ондағы түрлі рухтармен байланыс жасай алатын адамды айтқан. Бақсылар «әулиелерді», «аруақтарды», «періштелерді» шақырып, олармен тілдесе алады, адамның жаулары – дәу, пері, шайтан, албасты, жын, марту, тағы басқамен күреседі деген сенімде болған. Бақсыларға тән ерекше қасиеттердің бірі – емшілік (тәуіпшілік). Бақсылар қобыз тартып, зікір салып, түрлі емдер жасайды. Оның қамшысы тиген адамның денесіне кірген шайтандар қашып, барлық сырқатынан құлан-таза жазылып кетеді деп сенген.







СИМВОЛ

Құрбандық шалу





**Назарларыңызға
рахмет!**